

## Атырау қаласындағы жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты қалалық тасымалдаудың бірыңғай тарифін белгілеу туралы

Атырау облысы Атырау қалалық әкімдігінің 2012 жылғы 13 маусымдағы № 950 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 15 маусымда № 4-1-164 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі "Автомобиль көлігі туралы" Заңының 14 бабының 3 тармағы 1) тармақшасына, 19 бабының 2 тармағына және Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 13 қазандағы № 614 "Тұрақты маршруттар бойынша жолаушылар мен багажды тасымалдау жөнінде қызмет көрсетуге тарифтер есептеу әдістемесін бекіту туралы" бұйрығына сәйкес, қалалық әкімдік **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Атырау қаласының № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 10, 11, 12, 14, 15, 20, 21, 30, 30-А, 59, 65 маршруттары бойынша жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты қалалық тасымалдаудың бірыңғай тарифі - 80 (сексен) теңге болып белгіленсін.

Қала маңының № 50, 51, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 62, 64 маршруттары бойынша белгіленген тарифке қосымша 20 (жиырма) теңге мөлшерінде тариф белгіленсін.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - Атырау облысы Атырау қалалық әкімдігінің 11.09.2012 № 1727; 27.11.2015 № 2103 қаулыларымен (жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2016 жылдан бастап туындайтын құқықтық қатынастарға таралады).**

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Ә.И. Нұрлығожиевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне еніп , алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2012 жылғы 1 шілдеде туындайтын құқықтық қатынастарға таралады.

Қала әкімі

А.А. Керімов

КЕЛІСІЛДІ:

Атырау қалалық мәслихатының  
2012 жылғы 16 мамырдағы № 44 шешімімен